

## **Хромтау ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы**

Бірлескен Ақтөбе облыстық мәслихатының 2005 жылғы 4 тамыздағы N 178 шешімі және Ақтөбе облыстық әкімшіятының 2005 жылғы 4 тамыздағы N 293 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2005 жылғы 24 тамызда N 3154 тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11 бабының 2) және 3) тармақшаларына сәйкес және Хромтау ауданының өкілді және атқарушы органдарының ұсыныстарын ескере отырып, **облыстық мәслихат ШЕШІМ ЕТЕДІ және облыс әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**Ескерту. Кіріспеге өзгерістер енгізілді - Ақтөбе облысының әкімдігінің 14.08.2017 № 280 қаулысымен және Ақтөбе облысының мәслихатының 14.08.2017 № 196 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

1. Қоса берілген сызба-картаға сәйкес Тассай ауылдық округінің шекарасы оның құрамынан жалпы көлемі 3537,8 гектар аумақты және онда орналасқан Никельтау елді мекенін шығара отырып өзгертілсін.

**Ескерту. 1 тармаққа өзгеріс енгізілді - Ақтөбе облысының әкімдігінің 14.08.2017 № 280 қаулысымен және Ақтөбе облысының мәслихатының 14.08.2017 № 196 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2. Құрамына Тассай ауылдық округінің құрамынан шығарылған жалпы көлемі 3537,8 гектар аумақты қоса отырып, қоса беріліп отырған сызба-картаға сәйкес Никельтау ауылы - әкімшілік-аумақтық бірлігі құрылсын.

**Ескерту. 2 тармаққа өзгеріс енгізілді - Ақтөбе облысының әкімдігінің 14.08.2017 № 280 қаулысымен және Ақтөбе облысының мәслихатының 14.08.2017 № 196 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

3. Хромтау ауданының әкімі (О.Н. Далмағамбетов) жаңадан құрылған әкімшілік-аумақтық бірлікті мемлекеттік басқаруды және оны ұстауды қаржыландыруды аудандық бюджет және облыс әкімдігінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 386 қаулысымен бекітілген штаттық сан лимитінің шегінде қамтамасыз етуге байланысты мәселелерді шешсін.

4. "Ақтөбе облысының статистика басқармасы" ММ (А.Д.Мұқаев) облыстың әкімшілік-аумақтық бірліктерінің есептік деректеріне тиісті өзгерістер енгізісін.

5. "Ақтөбе облысының жер қатынастары басқармасы" ММ (М.Н.Жекеев) жер-кадастр құжаттарын Хромтау ауданының әкімшілік-аумақтық құрылысында жасалған өзгерістермен сәйкестендірсін.

*Облыстық мәслихаттың  
сессия төрағасы*

*Облыс әкімі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК